

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП



АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

II КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:
Қ 22 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: II Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025 . – 1611 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: II книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025. – 1611 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02
ББК 74.00

Қауіпсіздік мәдениеті – бұл мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар және ата–аналар арасында қауіпсіздікке деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру үшін:

- Оқушылар мен ата–аналарға арналған ақпараттық тренингтер
- Қауіпсіздік жөніндегі оқу бағдарламалары мен сабақтар енгізу
- Мұғалімдер мен әкімшіліктің қауіпсіздік талаптарын сақтауын қадағалау

Қорыта айтқанда, оқушылардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігі – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Мектептің қауіпсіздігі тек ғимараттың жағдайына ғана емес, сонымен қатар оқушылардың эмоционалдық жай–күйіне де тікелей байланысты.

Менің ойымша, қауіпсіз орта құру үшін мектеп, ата–аналар және қоғам бірлесе жұмыс жасауы керек. Мұғалімдер мен әлеуметтік педагогтар оқушылармен тығыз байланыс орнатып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды жетілдіруі тиіс.

Болашақта білім беру ұйымдарында қауіпсіздік мәселесін күшейту үшін:

- Буллинг пен зорлық–зомбылықтың алдын алу шараларын дамыту
- Жасанды интеллект және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы қауіпсіздікті бақылауды күшейту

– Қауіпсіздік мәдениетін дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізу

Қауіпсіз орта – сапалы білім алудың кепілі. Сондықтан, әр оқушы өзін мектепте жайлы және қорғалған сезінуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» заңы (2023 ж.).
2. UNESCO. Safe Schools and Learning Environments, 2022.
3. Досымбетова Л. «Оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі» – Алматы, 2021.
4. Мектептегі буллингтің алдыналу туралы әдістемелік нұсқаулықтар – ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2020.
5. World Health Organization (WHO). School Safety Guidelines, 2021.
6. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – Астана, 2017.
7. Қазақстандағы мектеп қауіпсіздігі бойынша ұлттық есеп, 2023.

ӘОЖ 372.8

ТҮРЛІ МӘТІНДЕГІ АҚПАРАТТАРДЫ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ

Кабденова Салтанат Калижановна
филология ғылымдарының магистрі
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Шамганова Жансая Мерекеқызы
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Қостанай қ. физика–математикалық бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қостанай қ., Қазақстан

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада түрлі мәтіндердегі ақпараттарды талдау арқылы креативті жазылым дағдысын дамыту жолдары туралы жазылған. Креативті жазылымның бұл түрін оқушыға қалай ұсынуға болады, оның шарттары қандай болатыны жайлы айтылады. Мұғалімдерге ұсыныс түрінде бірнеше тапсырмалар мен жанр түрлері беріледі.

Түйінді сөздер: креативті жазылым, шығармашылық, ақпарат талдау.

Аннотация

В представленной статье рассматриваются способы развития навыков творческого письма посредством анализа информации в различных текстах. Будет обсуждаться, как этот вид творческого письма может быть предложен ученикам и каковы его условия. Учителям предлагается несколько заданий и жанров в качестве рекомендаций.

Ключевые слова: креативное письмо, творчество, анализ информации.

Abstract

The article presents ways to develop creative writing skills by analyzing information in various texts. It will discuss how this type of creative writing can be offered to students and what its conditions are. Teachers are offered several tasks and genres as recommendations.

Key words: creative writing, creativity, information analysis.

Бүгінгі қоғамда ақпараттық ағымдардың, цифрлық технологиялардың және жаһандану үрдісінің қарқынды дамуы мәтін жазу мен талдаудың маңыздылығын арттырып отыр. Әсіресе шығармашылық, ғылыми немесе журналистік жазылым салаларында бұл дағды ерекше маңызды. Қазіргі уақытта жазылым дағдысы тек кәсіби мамандар үшін ғана емес, әрбір адамның өмірінде маңызды рөл атқарады.

Жазу – адамның ойлау қабілетін, шығармашылық қуатын және ақпаратты өңдеу мүмкіндігін дамытатын құрал. Түрлі мәтіндерді талдау арқылы креативті жазылым дағдысын дамыту тек техникалық емес, сондай-ақ жан-жақты білім мен ойлау қабілетін қажет етеді. Төменде креативті жазылым дағдысын дамыту үшін түрлі мәтіндерді талдаудың маңыздылығы мен тиімді әдістерін қарастырамыз [1].

Креативті жазылым – бұл шығармашылық ойлау мен инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, жаңа, ерекше және тартымды мәтіндер жасау процесі. Мұнда мәтіннің мазмұны мен құрылымы, қолданылатын тіл мен стильдің ерекшеліктері маңызды рөл атқарады. Креативті жазушы оқырманды таңқалдырып, оны жаңа ойлармен немесе эмоциялармен байытады [1].

Креативті жазылымның ерекшелігі тек шығармашылық қабілетке ғана емес, сонымен бірге мәтіндерге деген терең түсінік пен талдау жүргізу дағдысына да байланысты. Өртүрлі мәтіндерді талдау арқылы жазушы өзінің стилін жетілдіре алады, жаңа идеялар мен әдістерді игеріп, өз жазу дағдысын арттырады [1].

Түрлі мәтіндерді талдау оқушыға не береді? Оқушы өртүрлі көзқарастарды, стильдер мен құрылымдарды зерттейді. Бұл тәсіл оларға мәтіндердің ішкі логикасын түсініп, жазу процесінде жаңа идеялар туғызуға мүмкіндік береді. Өртүрлі жанрлар мен стильдер арқылы жазудағы өзіндік ерекшеліктерін дамытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар оқушылардың көркем және ғылыми ойлау қабілеттерін бірдей дамытуға көмектеседі. Көркем мәтіндер шығармашылық ойлау мен эмоцияны дамытса, ғылыми мәтіндер логика мен дәлелдеу әдістерін жетілдіреді. Бұл екі типтегі мәтіндерді қатар талдау арқылы оқушы барлық аспектілерде жазу дағдыларын дамыта алады. Өртүрлі мәтіндермен жұмыс істей отырып, оқушылар өзіндік стиль қалыптастыруға дағдыланады. Белгілі бір әдеби жанрды зерттеу арқылы оған тән ерекшеліктерді игеріп, кейін өз жазуында сол элементтерді қолдануы мүмкін. Сондай-ақ мәтіннің құрылымы, сөздер мен тіркестердің қолданылуы, түрлі әдеби тәсілдер мен әдістерді қолдану арқылы оқушы өз жазылымын жаңа деңгейге шығара алады. Мәтіннің басталуы, ортасы және қорытындысының үйлесімділігі мен өзара байланысын түсіну жазу барысында ойларды реттеу мен жүйелеу қабілетін дамытып, мәтін құрылымын жақсы түсінеді [2].

Түрлі мәтіндермен жұмыс істейтін әдістер мен стратегиялардың түрлері біршама. «Аналитикалық әдіс» өртүрлі мәтіндердің құрылымын, стилін, тілдік құралдарын терең талдауды көздейді. Мәтіннің тілдік ерекшеліктерін, логикасын, аргументацияны зерттеу оқушының талдағыштық қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Аналитикалық әдіс арқылы мәтіннің қандай элементтері оқырманға әсер ететінін түсініп, өзінің жазуында осы құралдарды қолдана алады. «Салыстырмалы талдау» әдісі арқылы оқушы белгілі бір жанрдың немесе стильдің ерекшеліктерін түсініп, оны өз жазуында қолдануды үйренеді. Салыстырмалы талдау оқушының шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. «Интерпретация» әдісі оқушының мәтіндегі терең мағынаны түсіну мен оны қайта интерпретациялауға бағытталған. Түрлі мәтіндерді оқып, оларды өз тұрғысынан түсіндіру оқушыларға шығармашылық көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі. Мәтінді жаңаша көзқараспен қайта бағамдау арқылы өз шығармашылығын дамытуға ықпал етеді. «Моделдеу әдісінде» әрбір оқушы өзіне үлгі тұтар авторды немесе шығармашылық стильді таңдайды. Түрлі мәтіндермен жұмыс істей отырып, жазушы белгілі бір автордың жазу техникасын зерттеп, оны өз шығармашылығында қолдануды үйренеді. Бұл әдіс арқылы өз стилін қалыптастыруда жаңа тәсілдерді игереді. Сонымен қатар «Жазу эксперименттері» әдісі бойынша оқушы белгілі бір тақырыпқа байланысты әртүрлі жанрларда жазып көріп, олардың қайсысы өзіне тән екенін анықтай алады. Бұл тәжірибе арқылы оқушы жаңа идеялар мен тәсілдерді өз шығармашылығына енгізеді [3].

Креативті жазылым дағдысын дамыту мақсатында тәжірибемізде жиі қолданылатын әдістер: «Ішкі әсер/сыртқы әсер» – адамның көңіл күйін, сырлы сезімін, айналаны сипаттауға, суреттеуге әсері мол болса, «Дайын тілдік оралымдарды қою» әдісі оқушының сөздік қоры мен тілдік дағдыларын дамытуға әсер етеді. «Сюжетті жазу» әдісінің композициялық құрылымды сақтауға көмегі зор, ал «Жалғастырып жазу» жұмыстың сапалы шығуына оң әсер етеді [4]. Ал жан-жақты бағдар беретін «Суреттер сөйлейді» әдісі креативті жазылым дағдысын дамытатыны анық.

Мәселен, «**Естіп-көргенін жазу**» әдісіне тоқталсақ [5]. Оқушылардың назарына Хорватияда дүниеге келген Фрейн Селак туралы бейнебаян ұсынылды (<https://www.youtube.com/watch?v=VRg5QrJ94Ws>). Қарапайым өмір сүріп жатқан музыканттың басынан кешкен оқиғалары баяндалған бейнебаян негізінде оқушыларға ұсынылған тапсырмалар мен жанр түрлері мынадай:

1. Қаншама қауіп қатерді бастан кешкен бұл адамды «жолы болғыш» дей алмаймын/Бірнеше қауіптен аман қалған адамды неге «жолы болғыш» демеске? Өз ойыңызға аргументтер келтіре отырып, **келісу–келіспеу эссесін** жазыңыз [6].

2. Хорватия тұрғыны – Фрейннің жеті рет өміріне қауіп төндірген сәттерін, оның сол кездегі сезімін, көңіл күйін көз алдыңызға елестете отырып, **сюжетті әңгіме** жазыңыз [6].

3. Танымал журналдың журналисі ретінде Фрейн Селактан **сұхбат** алыңыз [6].

4. Туған күніне екі күн қалғанда бір миллион доллар ұтып алған кейіпкердің ішкі сезімін, жан-жағындағы атмосфераны **сипаттап жазыңыз** [6].

12 «А» сынып оқушысы Қ.Д. «**Қаншама қауіп қатерді бастан кешкен бұл адамды «жолы болғыш» дей алмаймын/ Бірнеше қауіптен аман қалған адамды неге «жолы болғыш» демеске? Өз ойыңызға аргументтер келтіре отырып, келісу–келіспеу эссесін жазыңыз**» деген тапсырма түрін таңдады:

«Фрейн Селак өмірдің ащысы мен тұщысын көрген адам, оның өміріне 7 рет қауіп төнген. Осындай адамды мен «жолы болғыш адам» дей аламын ба? Әрине, жоқ, себебі мұндай қауіпке тап болу – жақсылықтың белгісі емес.

Фрейн Селак – Хорватияда өмірге келген, өз өмірінде көпті көрген, басынан өткен түрлі оқиғаларға қарап, «оның бағы жанған жан» деп айту қиын. «Жолы болғыш» деп көбіне өз өмір жолында қиындық көрмеген, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрген адамдарды айтуға болады. Ал бұл кісіге қауіп автобустан да,

ұшақтан да, пойыздан да, жеке көлігінен де төнген екен. Өз машинасы болса да ол екі рет ажал аузынан аман қалды, тіпті жаяу келе жатып та жолдағы машина оны соғып кете жаздаған. Өмірде осындай жағдайлардан кейін оны «жолы болғыш» деп айту қиын–ау. Оның көптеген қайғылы оқиғалардан аман өткенін ескеріп, «йә, шүкір, әйтеуір аман қалды ғой» деуіңіз мүмкін, алайда бұл оқиғалардың барлығы оның денсаулығына қаншама зиян келтірді десеңізші, басынан өткен стресс, уайым оның денсаулығына да біраз зиян келтіргені анық. Ендеше Селактың бірнеше рет сәтсіз жағдайға тап болуы оның «жолы болғыш» адам екенін дәлелдемейді, оқырманым.

«Өмірдің барлық сәттері бақытсыздық емес ендеше» деп Шаханов ақын айтпақшы, өмірдің барлық сәттерін бағалай білу керек, оған дауым жоқ, бірақ Фрейн мырзаға «жолы болғыш» дегеннен гәрі «жолы болмағыш сәтті жан» деген атау сәйкес келеді» [7].

Мұғалім тарапынан оқушы жұмысына берілген кері байланыс келесідей:

Оқушы тапсырма шартын толық түсінген, екі жақты пікірді саралай отырып, оқырманды өз ойына көндіре білген. Бейнематериалдан келтірген аргументтерін өте орынды, сәтті қолдана білген. Аудиториямен жұмыс жасай алған. Жанр ерекшелігін сақтап жазған. Оқырманға әсер ету мақсатында тілдік оралымдарды сәтті қолданған, алайда оқырманды тереңірек сендіру үшін аргументтер, дәлелдер қоса түсуге болар еді.

10 «А» сынып оқушысы О.Ж. «Хорватия тұрғыны – Фрейннің жеті рет өміріне қауіп төндірген сәттерін, оның сол кездегі сезімін, көңіл күйін көз алдыңызға елестете отырып, сюжетті әңгіме жазыңыз» деген тапсырма түрін таңдады:

«Франкфурт–Берлин» пойызы үшінші жолға кеп тоқтады. Адамдардың барлығы бір жерге асығып, өз діттеген жерлеріне жету үшін жыбырлай бастады. Осы вокзалдағы атмосфера әуеніне ілесіп, бір жігіт те лезде жинала бастады. Өз киімі мен заттарын жайғастырып болғасын қасындағы серіктестеріне көңіл бөлді. Бір купеде анасы мен кішкентай қызы бара жатыр екен. Олар да өз орындарына отырып, ұзақ жол жүру қамына кіріскен.

- Айтпақшы, менің есімім Фрейн Селак,– деп жігіт қолын ұсынды.

Жол бойы олар біраз әңгіме айтып, тынышталып, ұйықтайтыны ұйықтап қалғаны сол еді, пойыздың ішіндегі адамдардың айқау–шу, абыр–дабырдан естері шықты. Сөйткенінше болған жоқ, пойыз аударылып, ештеңе түсініксіз боп кетті. Пойыздың терезесінен ұстап үлгірген Селак кішкентай қыздың қолынан ұстап, өзіне қарай тартпақшы болды, бірақ қатты желдің әсерінен қыздың кішкентай қолы уысынан шығып кетті. Ол не істеп, не қойып жатқанын түсінер емес, көз алдында пойыздың сынықтары мен ұшып жатқан заттар ғана.

Есін жиса, ауруханада жатыр екен. Денсаулығына көп зиян келмепті, бір–екі жерлері ғана көгерген. Кейін естуі бойынша осы апаттан тірі қалған тек өзі екен, бірақ көз алдынан көмек сұрап жәутеңдеген кішкентай қыздың жанары кетпей қойды.

Өмірінде мұндай жағдай оның басынан бір рет емес, жеті рет өтті. Ол үнемі аман қалып жүрді. «Не деген жолы болғыш жан!» деп ойлайсың?

Естіген осы оқиғамды еске түсіріп отырып, менің де пойызым үйге қарай жақындап қалғанын жолсеріктен естіп, жинала бастадым» [7].

Мұғалім тарапынан оқушы жұмысына берілген кері байланыс келесідей:

Оқушы барлық оқиғаны бірінен кейін бірін тізіп жазып жатпай, бір ғана сюжетті шебер жеткізе білген. Өз ойынан тың оқиғалар (кішкентай қыз, анасы) қосып жазуын шығармашылық тәсілдемеге жатқызуға болады. Оқушының соңындағы абзацын да

шығармашылық тәсілдеме деп қабылдауға болады, алайда ол туралы басында айтып өтсе, оқырманға түсініктірек болатын еді, бірақ оқырман оны жазушының шеберлігі деп те қабылдай алады. Оқушы ойды беруде тілдік қолданыстарды орынды қолданған, алайда ұсынылған тілдік оралымдарды да қолданса, шығарма мазмұны байи түсер еді.

10 «А» сынып оқушысы Қ.Ұ. болса, **«Танымал журналдың журналисі ретінде Фрейн Селактан сұхбат алыңыз»** тапсырмасын таңдап, өз жазылымын сұхбат жанрында ұсынды:

«Бүгінгі шығарылымның басты тақырыбы – «Әлемдегі жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешкен ең жолы болғыш адам.» Біздің сұхбатшымыз Элизабет Фрайм студиясына Фрейн Селакты шақырып, одан сұхбат алды.

- Сәлеметсіздер ме, құрметті оқырмандарым! Бүгін біздің қонағымыз – ерекше адам. Ол жеті рет азап астында болып, таңқаларлық түрде аман қалды. Бұл қонақтың есімі – Фрейн Селак. Көңіл күйіңіз қалай?

- Сәлеметсіз бе, Элизабет ханым! Көңіл күйім тамаша! Мен үшін бүгін осы студияға келіп, сұхбат беру – үлкен мәртебе.

- Сіздің осы жерге келгеніңізге өте қуаныштымын. Ендеше сұхбатымызды бастайық. Сәтсіздік сіздің артыңыздан қалмай жүргенін қашан түсіндіңіз?

- Үшінші рет азап астында қала жаздағанда артымнан жын мен періште кезектесіп жүргенін байқадым. Мүмкін бұл алжыған адамның әңгімесіндей естіліп тұрған шығар, бірақ мен оны басқаша түсіндіре алмаймын.

- Жын мен періште туралы айтқаныңыз рас. Бір сәтте жын сізді өлімге итермелегендей, бәрақ келесі сәтте сіздің бағы жанған адам екендігіңіз білінеді.

- Иә, рас. Өмірім түрлі оқиғаларға толы екен.

- Сіз өзіңіздің осындай оқиғаларға тап болатыныңызға қандай көзқараспен қарайсыз?

- Шынымды айтсам, бұл оқиғаларсыз өмірім қызықсыз болар еді. Менің төрт рет неке қиғанымның өзі өте қызықты оқиға. Бұл сәтсіздіктер мені терең ойлануға итермелейді. Өмірді және өмірдегі баршылықты бағалау керек екендігін көбісі біле бермейді.

- Мен сіздің айтқаныңызбен толықтай келісемін. Сіз өмірдің ащысы мен тұщысын көргеніңізге қарамастан алда сізді тек сәттілік күтіп тұрғанына сенімдімін! Қош сау болыңыз!

- Сау болыңыз! Шақырғанының үшін үлкен рахмет!» [7].

Мұғалім тарапынан оқушы жұмысына берілген кері байланыс келесідей:

Оқушы тапсырма шартын, формасын жақсы түсініп орындаған. Сұхбат жанрына сәйкес ресми стильді ұстанып жазған. Өзінше ойластырылған тәсілдемесі бар (лоторея билетін «сәттілік күтіп тұрғанына сенімдімін» деп жұмбақтап айтуы). Қолданған тілдік құралдары үйлесімді, бірақ «баршылықты бағалау» деген тіркесі қисынсыз. Бір жұмыста кейіпкердің басынан кешкендерін толық қамтуға тырысқан.

10 «А» сынып оқушысы К.А. **«Туған күніне екі күн қалғанда бір миллион доллар ұтып алған кейіпкердің ішкі сезімін, жан-жағындағы атмосфераны сипаттап жазыңыз»** тапсырмасын таңдады:

«Көктемнің нағыз қызған кезі еді. Кешкі сағат жеті. Ұзын бойлы, денелі ер адам жұмыстан үйге қарай жол тартты. Асықпай жүріп өз ойына батып кетті. Бір кезде көшеде лоторея билеттерін сататын дүкен көзіне түсті. Осы ретте ол бағын сынап көрмекші болды. Үйіне келді. Үйде тіршілік қайнап жатыр, себебі ол ертең үйленбекші. Фрейн ауыр жұмыс күнінен кейін қара терге түсіп, өзінің онша үлкен емес бөлмесінде қара терге түсіп, ескі диванға отырды. Теледидарды қосып,

керек телеарнаны тауып алды да, лоторея билетін тозған жейде қалтасынан алып шықты. Тілші бағдарламаны бастап, сәтті билеттердің номерлерін айта жөнелді. Фрейннің үмітке толы көздері теледидар мен билет арасына жүгіре берді. Терісінен тері шығып, қолдары дірілдеді, қатты абыржыды. Осы сәтте әйелі де қасында отырып, оны қолдап отырды. Екеуі қол ұстап қобалжыды. Уақыт өте келе тілші барлық нөмірлерді айтып шығып, біреу қалған деп айтты. Тілші пауза жасады. Ең соңғы нөмір... Фрейннің нөмірі. Селактың қуанышына шек болмады. Ол жарын құшаққа алды, ал ол Фрейнді шын жүректен құттықтай берді. Фрейннің өзі бір миллион долларды ұтып алғанына сенбеді» [7].

Мұғалім тарапынан оқушы жұмысына берілген кері байланыс келесідей:

Оқушы тапсырма шартын түсініп орындаған, жанр ерекшелігін сақтаған. Жұмысында сипаттау элементтерін қолданады, алайда қисынсыз қолданыстар байқалады: «екеуі қол ұстап қобалжыды».

Түрлі мәтіндермен жұмыс істей отырып, оқушы өзінің креативті жазылым дағдыларын дамыта алады. Бұл процесс тек шығармашылық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ жазудың техникалық аспектілерін меңгеру тұрғысынан да маңызды. Мәтіндерді терең талдай отырып, оқушы өзіндік стиль қалыптастырып, жаңа идеялар мен тәсілдерді игереді. Креативті жазылым дағдысын дамыту – үздіксіз процесс, ол шығармашылық ізденістер мен жұмысқа деген адалдықты талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу–ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел–шежіре, 2013. – Т. 3. – 384 б.
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу–ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел–шежіре, 2013. – Т. 1. – 384 б.
3. Бөгенбаева Ә., Назарбекова А. Креативтік ойлау қабілетін дамытуда жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескеру // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналы. – 2017. – №2(44). – Б. 3–7.
4. Қыраубайқызы А. Ұстаз жазбалары // Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 174 б.
5. Бөгенбаева Ә. Оқушылардың креативті белсенділігін ынталандыру тәсілдері «Рухани жаңғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары»//Халықаралық ғылыми–практикалық конференцияның материалдары. –Тараз: Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, 2018. –334 б.
6. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (НЗМ) оқу бағдарламасы. 10–сынып.
7. Оқушы жұмысы

ӘОЖ 372.881.111.1

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА МЕДИАРЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫНА ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Кадиршинова Назым Танаткановна

ағылшын тілі пәні мұғалімі

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Қостанай қаласы білім бөлімінің №11 жалпы білім беретін мектебі»

педагогика және психология мамандығының 2–курс магистранты

Ғылыми жетекші: Абдиркенова А.К., PhD докторы


қауымдастырылған профессор м.а.

КЕАҚ «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті»

Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты,

Қостанай қ., Қазақстан

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ҚОЛДАУШЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН
ҚҰРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**



**ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ СОЗДАНИЯ БЕЗОПАСНОЙ И
ПОДДЕРЖИВАЮЩЕЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В ОРГАНИЗАЦИЯХ
ОБРАЗОВАНИЯ**

Абдиева Гульжан Курмангалиевна Идрисова Жамиля Жантасовна	Безопасная технология образовательной среды на уроках биологии и географии	313
Абдрахманов Арман Кабдешұлы	Использование социальных сетей в изучении английского языка	316
Абиева Айнура Сералеевна, Демисенова Шнар Сапаровна	Теоретические основы исследования проблемы психологической безопасности личности старшеклассников	321
Абильдинова Мадина Жетписбаевна	Биология пәнінен функционалдық сауаттылықты дамытуда жасанды интеллект мүмкіндіктерін 3d, ar&vr технологияларымен интеграциялау және сабақ процесіне бейімдеу методикасы	324
Абрамова Юлия Владимировна	Коррекция психофизиологической базы письменной речи младших школьников с дисграфией	328
Агеев Денис Николаевич	Актуальные методы формирования функциональной грамотности на уроках физики	334
Азаров Данил Станиславович, Демисенова Шнар Сапаровна	Психологические аспекты эмоционального выгорания у будущих педагогов: факторы и механизмы	338
Айтбаева Хурлиман Бердах қызы, Аймурзаева Лиза Гулмурзаевна	Химияны оқытудағы ақпараттық технологияның мүмкіндіктері	342
Айтмагамбетов Ермек Жылгелдэнович, Шалгимбекова Кенжегуль Сапышевна	Современные подходы к организации психолого–педагогического сопровождения профессионального самоопределения в колледже	346
Александров Спартак Геннадиевич, Бондаренко Артём Эдуардович	Система «умный дом» или как автоматизация помогает в спорте	350

5 СЕКЦИЯ

Алексеева Наталья Анатольевна	Факторы развития, модели, механизмы внедрения гибридного обучения в высшей школе	354
Алжанова Гульнур Мурзагалиевна	Краеведение как средство интеграции урочной и внеурочной деятельности	359
Алимбаева Айжан Азатовна, Назарова Нина Григорьевна	Криотерапия: инновационный метод раскрытия речевого потенциала	364
Alimov Farhod Sharabidinovich	Distance learning by using innovative technologies in teaching foreign language	368
Алимова Салтанат Женисовна	Оқу үдерісінде жобалап оқыту технологиясын қолдану жолдары	372
Алипбаева Гульжан Агыбаевна	Мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін қауіпсіз білім беру ортасы: қақтығыстарды алдын алу және шешудегі технологиялардың рөлі	377
Альмуханова Айнур Каиржановна, Ибраева Рсалды Кабилмажитовна	Оқушылардың математикалық – функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін психологиялық–педагогикалық шарттарын айқындау жолдары	380
Аман Мерей Өскенқызы	Қазақ тіліндегі шақ категориясының сипатталуы	383
Амиржанова Гульмира Хамияловна	Химия сабақтарында функционалдық сауаттылық тапсырмаларын орындау кезінде суреттер мен графикалық ақпаратты пайдаланудың маңызы	389
Амирова Евгения Леонидовна	Из опыта применения мнемотехник на уроках английского языка в начальной школе	393
Амирхамзина Бакыт Касенгалиевна	Білім беру сапасын жақсартудың негізгі шарттары	398
Аношкина Наталья Леонидовна, Родионов Данила Владимирович	Применение искусственного интеллекта для обеспечения безопасности школьников в учебном заведении	403
Assanova Assel Begezhanovna, Kinzhibaeva Aigul Serikpaevna	Application of gamification techniques to create a supportive learning environment in higher education English classes	407
Астраханцева Елена Викторовна, Нурпеисова Орынбасар Сагандыковна	Методика развития речи учащихся через речевые упражнения на уроках русского языка и литературы	411

5 СЕКЦИЯ

Атаева Акмарал Буркитовна	Білім беру ұйымдарында қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасын құрудың инновациялық технологиялары	415
Аубакирова Толкын Утешовна	Балабақшада жаңа технологияларды қолдану әдістері	421
Аушамина Гульсара Ашимовна, Дуспаева Гульмира Джамбуловна	Актуальные компетенции обучения математике в общеобразовательной школе	424
Ахметбекова Зауре Далихатовна, Даумова Батима Бексултановна	Инновационные технологии в развитии этнической толерантности у студентов вуза	429
Ахметов Мейрамбек Борантаевич	Білім беру ұйымдарында қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын құрудың инновациялық технологиялары	433
Ачинович Мария Сергеевна, Шилинг Галина Сергеевна	Методика использования игры на уроке математики	436
Әмірова Аружан Мақсатқызы	Визуалды әдістердің орта мектеп бағдарламасындағы маңызы	440
Баймухаметова Батила Тургинбаевна, Тансыкбаева Жамиля Тургинбаевна	Кейс–технологии на уроках химии как средство формирования метапредметных компетенций обучающихся	443
Байтерекова Нұрбану Илиясқызы	Білім берудегі жасанды интеллектіні қолдану ерекшеліктері	449
Байшева Айгерим Бакытжанқызы	География пәнін оқыту үдерісінде инновациялық технологиялардың өзекті аспектілері	453
Балабатыр Ольга Сергеевна	Инновационные технологии учителя–логопеда, для создания безопасной образовательной среды в школе	458
Балаубаева Асем Муратбековна	Цифрландырудың мектепке дейінгі білім беру саласындағы әсері: мүмкіндіктер мен қиындықтар	462
Балжанова Айгуль Магжановна	Особенности использования цифровых ресурсов в обучении английскому языку	465
Бапинова Диана Аббасовна, Чернякова Галина Сергеевна	Современные методы безопасной и поддерживающей образовательной среды в учебных заведениях	469

5 СЕКЦИЯ

Батвинкина Юлия Михайловна	Тестовые задания как форма промежуточного контроля на уроках художественного труда	473
Батура Людмила Владимировна, Дубогрей Наталья Григорьевна	Уроки с элементами проектной технологии: от идеи до реализации	476
Bezhdina Viktoriya Valerievna, Solovyova Natalya Anatolyevna	Ai tools for developing critical thinking at the lessons of english (a case of reading)	482
Безаубекова Алмагул Даненовна, Дускеева Камилла Бергентаевна	Қазақ тілі сабақтарында цифрлық ресурстарды түрлендіріп қолдану	487
Безлюдная Юлия Геннадиевна	Применение цифровых технологий и искусственного интеллекта в процессе обучения английскому языку школьников: эффективность методов	493
Беисова Дина Бериковна	Ключевые аспекты современного школьного образования: национальные инициативы по созданию безопасных школ	496
Бекбосынова Ардак Рамазановна	Математикалық сауаттылық: болашақтың кілті	500
Бекмагамбетова Сапаркуль Нурымовна	Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы МОДО-ға дайындық	506
Бекмухамбетова Жанылдық Каирбековна, Редикульцева Юлия Владимировна	Инновационные технологии в создании развивающей безопасной и поддерживающей образовательной среды в дошкольной организации	511
Белова Марина Александровна, Құсейін Манарбек Мұратбекұлы	Создание психологически комфортной и безопасной среды «Безопасная среда» в организациях образования	515
Bermukhambetova Assel Atymtayevna, Kurmangaliyev Arman Atymtayevich	Communicative features of the oral discourse of the tv interview	520
Бернгардт Нелля Александровна	Инновационные технологии создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в подготовительной к школе группе	525
Бертыш Наталья Анатольевна	Инновационные технологии создания безопасной и поддерживающей образовательной среды на уроках художественного труда	529

5 СЕКЦИЯ

Бижанова Гулайым Газизовна	Современные технологии: путь к качеству образования	534
Бисембаева Анара Ермековна, Кенжемуханова Асемгуль Болатовна	Развитие критического мышления младших школьников на основе использования искусственного интеллекта на уроках литературного чтения	540
Бисембаева Жанат Кумаровна	Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі балалардың өмірін қамтамасыз ету шарты ретінде қауіпсіз және психологиялық жайлы білім беру ортасын құру	543
Блинова Надежда Сергеевна, Данильченко Галина Ивановна	Дидактические игры как инструмент создания благоприятной и положительной среды для интеллектуального развития в организациях начального образования	547
Бойчук Екатерина Валерьевна	Развитие системы кибербезопасности в образовательных учреждениях: важность, проблемы и решения на примере Казахстана	551
Бондарь Надежда Сергеевна	Использование «облачных» технологий и сред обучения по информатике	555
Борисенко Ксения Владимировна, Данильченко Галина Ивановна	Инновационные стратегии формирования математической грамотности у младших школьников	559
Брагинец Ирина Дамировна	Проектирование безопасной и комфортной среды общеобразовательной организации – это новый вектор образовательной среды	563
Будзевич Ольга Владимировна	Формирование ценностей через искусство: безопасная и поддерживающая образовательная среда на уроках художественного труда	567
Булко Ольга Николаевна, Калинова Татьяна Владимировна	Инновационные технологии безопасной и поддерживающей образовательной среды в современной системе образования	570
Бурмагина Лариса Александровна, Рахметова Айнаш Амангельдиновна	Интерактивные технологии как средство создания поддерживающей образовательной среды	574
Бушуева Ольга Ивановна	Методы и приёмы инклюзивного обучения в начальной школе	579

5 СЕКЦИЯ

Вайс Людмила Владимировна, Овчаренко Елена Владимировна	Современные технологии для обеспечения доступности образования в инклюзивной среде	584
Ватрас Наталья Алексеевна	Хакатоны и искусственный интеллект: путь к цифровой безопасности	588
Вафин Дамир Аюпович	Использование инновационных методов на уроках истории в современной школе	594
Вахабова Гузелия Ильясовна	Безопасность и правила дорожного движения при изучении профессиональных модулей квалификации «Машинист дорожных строительных машин»	597
Ващенко Елена Валерьевна, Смаглий Татьяна Ивановна	Развитие эмоциональной устойчивости личности как психолого–педагогическая проблема	604
Виноградова Нина Валентиновна	Потенциал виртуальных платформ для обучения аналитической геометрии	607
Войтышина Евгения Сергеевна	The Language of Science: как изучение химии на английском языке помогает преодолеть образовательные барьеры	613
Вуец Людмила Владимировна	Инструменты комфортной образовательной среды: инновационные технологии и дальнейшие перспективы их развития	616
Гаджиева Лариса Владимировна, Анисимова Яна Анатольевна	Интеграция ценностей воспитания в процесс обучения математике: формирование трудолюбия и справедливости через решение практико–ориентированных задач	622
Гайдт Наталья Павловна	Инновационные технологии создания безопасной и поддерживающей образовательной среды на уроках музыки в контексте программы «Біртұтас тәрбие»	626
Галиева Жансая Маратовна, Шалгимбекова Кенжегуль Сапышевна	Теоретические аспекты психологической адаптации школьников при переходе из начальных классов в среднее звено	630
Гарбуз Любовь Николаевна	Обучение и поддержка обучающегося с ООП (ЛУО) на уроках литературы в 6 классе в условиях инклюзии	634
